

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша басшысы
А.Ш.Есбол
«28» ноябрь 2019ж



2019-2020жаңа оқу жылының іс-шаралары мен оқу стандартының бағдарламаларымен таныстыру (Баяндама №1)

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П.
Сулейменова К.А

Шымкент қаласы 2019-2020ж

2019-2020 жаңа оқу жылындағы алға қойған мақсаттар мен міндеттер және іс-шаралар мен оқу стандартының бағдарламасымен таныстыру.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә Назарбаевтің «Төртінші өнеркәсіптік ревалюция жағыдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» және «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі; табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауды, 2019-2020 оқу жылында тәрбие мен оқытудың жаңартылған білім беру процесін ұйымдастыру, мектепалды даярлық жүргізу, қауіпсіз білім беру ортасын құру, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына қойылған нормалар мен талаптарға сай оқыту мен тәрбиелеудің жылдық жоспары жасалынып, алға мына міндеттер алынды:

1. Баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық дәстүрі негізінде салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру.
2. Баланың жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу, коммуникативтілік, креативтілік, сыни ойлау, ынтымақтастық дағдыларын меңгерте отырып, мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру.

Қазіргі заман талабына сай білім беріп, қаблетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағыдайлар жасау. Мектеп жасына дейінгі баланың дамуы ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланысты екенін және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесінің жаңарту векторы ретінде стандарттар әзірлеу қажеттігі туындайды.

Барлық жастық сатысындағы оқу жүктемесі Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартының

әзірлеуде техникалық талаптарда белгіленген санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

Базалық оқу жоспарында әрбір жас кезеңдерде арналған оқу жүктемесінде 5-білім беру саласының мазмұны кіреді.

- «Денсаулық»
- «Коммуникация»
- «Таным»
- «Шығармашылық»
- Әлеуметтік орта»

Білім бөлімі: Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, орыс тілі, математика негіздері, жаратылыстану, құрастыру, сурет, мүсіндеу, аппликация, қоршаған ортамен таныстыру, экология негіздері кіреді.

- Оқу-қызметінің көлемі: 11-сағат
- Оқу қызметінің ұзақтығы: 10-15 минут
- Вариативтік бөлім-1 : «Қуыр-қуыр, қуырмаш»

Апталық оқу жүктемесі:

- Денсаулық-3
- Сөйлеуді дамыту-1,0
- Көркем әдебиет-0,5
- Орыс тілі-0,5
- Математика негіздері-1,0
- Құрастыру-0,5
- Жаратылыстану-1,0
- Сурет-1,0
- Мүсіндеу-0,25
- Аппликация-0,25
- Музыка-1,5
- Қоршаған ортамен таныстыру-0,25
- Экология негіздері-0,25

Күн тәртібі: Дүйсенбіден жұмаға дейін таңғы сағат

* Қабылдау, ертеңгі жаттығулар 8.00-8.30

* Таңғы ас 8.30-8.55

- * Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық 8.55-9.15
- * Ұйымдастырылған оқу – қызметі 9.15-10.00
- * Серуенге дайындық 10.00-10.20
- * Серуен 10.20-12.00
- * Серуеннен оралу 12.00-12.20
- * Түскі ас 12.20-13.00
- * Түскі ұйқы 13-15.10
- * Біртіндеп тұрғызу, ауа-су процедуралары 15.10-15.40
- * Бесін ас 15.40-16.00
- * Ойын, жеке-дара жұмыстар 16.00-16.30
- * Серуенге дайындық 16.30-16.50
- * Серуен, қимылды ойындыр 16.50-17.30
- * Еркін ойындар, балалардың үйге қайтуы 17.30-18.30

Балабақшада тәрбиелену барысында сан*-саналы танымдарды игереді, күрделі құбылыстарды ұғына алады, өйткені нерв және жұлын жүйкелерінің жұмыс істеу қаблеті күшейеді. 3-4 жастағы балалар үнемі қозғалыста болуына байланысты денесі мен салмағы 13-15 ал, бойы 92-100 болады.

Жыл бойы 1-3кг қосып, 5-7см өседі. Осы жаста бала салыстырмалы ойлай алады. Санамақтарды жатқа айтып, аз және көп сандарды, қалың және жұқа саттарды ажырата алады. Айналадағы заттардың орналасуын, уақыт мезгілі мен жыл мезгілдері туралы түсінік қалыптасады. Табиғаттағы барлық түстерді ажырата алуды, сурет салып, түрлі ертеңгіліктер мен іс-шараларда ін айтып, би билеп, өлең шумақтарға деген құштарлықтары артады. Уйқыдан балалар оянғанда, көңіл-күйлері көтеріңкі болады. Осы сабырлы, тәрбиелі қалыптары ойын үстінде-де, іс-шаралар барысындада серуенде-де сақталады.

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша басшысы
А.Ш.Есбол
«28» сәуірі 2019ж



№1

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П.
Сулейменова К.А

Шымкент қаласы 2019-2020ж

№1 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Өткізу күні: 5 Қыркүйек 2019ж

Өткізу уақыты: сағат 5-00де

Бала саны: 38

Қатысқандар: 20

Ата-аналар жиналысының тақырыбы: «2019-2020ж жаңа оқу жылының іс-шараларымен оқу стандартының бағдарламаларымен таныстыру»

Мақсаты: Күн тәртібі- баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін тәулік бойғы уақытты тиімді бөлу және түрлі іс-әрекет пен демалыстың дұрыс өзара бірізділігі

Өткізу форматы: *Оффлайн*

Қатысушылар: Ата-аналар, *(балалардың заңды өкілдері)*

Күн тәртібінде:

- 1 «2019-2020ж жаңа оқу жылының іс-шараларымен оқу стандартының бағдарламаларымен таныстыру»
2. Ата-аналар комитетін сайлау
3. Сауалнама жүргізу

Тыңдалды:

1.«2019-2020ж жоқу жылының іс-шаралары мен оқу стандартының бағдарламаларымен таныстыру» атты баяндаманы Сулейменова Камшат оқып шықты.

Баяндама тіркелді

Жарыссөз:

Ата-ана: Байметова Зарина Абдуганиевна сөз алды,
-Бақшада баланың жылауына жол бермеу үшін ата-аналар не істеу керек?,- деп сұрақ қойды.

Тәрбиеші: Мусабекова Назира Полатбекқызы:-

*Бақшаға баруына 3-4 ай бұрын нәрестеге психологиялық дайындық жүргізу;

- *Бақшаның пайдасы туралы жиі айтып отырыңыз, мысалы: көптеген балалар олардың ересек адам болғанын естігенді ұнатады;
- *Бірінші күні балабақшада оны 2 сағаттан артық қалдырмаңыз;
- *Үйде өзіңізбен бірге ойыншық алуына рұхсат етіңіз (тым қымбат емес);
- *Анасы оны, мысалы, таңғы астан кейін, түскі астан немесе серуеннен кейін алатын уақытты нақты белгілеііз;
- *Баламен сөйлесіп одан әр күн сайын өткен күн туралы сұраңыз;
- *Сіз үшін қаншалықты қиын болса да, жүйкеіңзді түсірмеңіз және оны балаға көрсетпеңіз,-деп жауап берді.

2. Ата-аналардың ұсынысы бойынша, ата-аналар комитеті құрылды.

Ата-аналар комитеті сайланды

*Ата-аналар комитетінің төрайымы: Ильмуратова Санавар

*Көмекшілер: 1.Муминова Шахзода. Ақпан айдаана,- деп шешті.

3. Ата-аналар, берілген сауалнаманы толықтырып берді.

№3 Ата-аналар жиналысының шешімі:

1.Баяндама оқылды. Жақсы деген баға берілді.

2.Ата-аналар комитетінің төрайымы Ильмуратова Санавар болсын.

3.Сауалнама толықтырылды.

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай
бақша басшысы
А.Ш.Есбол
«29» сентябрь 2019ж

**«Дидактикалық ойын
арқылы, баланың мәдени-
гигиеналық машықтарын
арттыру»
(Баяндама№2)**

№3 «Күнбағыс» тобы
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П
Сулейменова К.А

Шымкент қаласы

«Дидактикалық ойын арқылы, баланың мәдени-гигиеналық машықтарын арттыру»

Ойын – балалар үшін күрделі әрекет, ол білімді, арқылды ұйымдастыруды қажет етеді. Ал білімді бала қайдан алады? Оған бала ойын арқылы өзі үйренеді, үлкендер де үйретуге тиіс. Ойынның өз мақсаты, жоспары, арнайы заттары, т.б. көптеген ерекшеліктері болады.

Жас ұрпаққа саналы білім беруге оқу материалдарын толық меңгерту мақсатында оқытудың жаңа технологиясының бірі балаларға оқу материалдарын ойын арқылы оқыту технологиясын пайдаланған жөн.

Ойын – балалар үшін күрделі әрекет, ол білімді, ақылды ұйымдастыруды қажет етеді. Ал білімді бала қайдан алады? Оған бала ойын арқылы өзі үйренеді, үлкендер де үйретуге тиіс. Ойынның өз мақсаты, жоспары, арнайы заттары, т.б. көптеген ерекшеліктері болады.

Ойын – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі. «Эстафета». Ойынның мақсаты: Балалардың тілін және сөздік қорын жетілдіру. Ертегі кейіпкерлер туралы түсініктерін кеңейту. Ойын барысы: Балалар дөңгеленіп тұрады. Жүргізуші қолында эстафеталық-таяқша болады. Жүргізуші бір ертегі кейіпкерінің атын айтып, қолындағы таяқшаны қасындағы балаға береді. Таяқшаны алған бала сол ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекет қимылына байланысты сөз айтып, келесі балаға тездетіп таяқшаны беруі тиіс. Жүргізуші қолына таяқша қайтып келгенде, ол жаңа сөздер айтып, басқа балаға беріп бастайды. Балалар сөз тауып айта алмаса, айып салынып ұпай беріледі. 3 айып салынған ұпай алғаннан кейін, ол бала ойыннан шығып қалады. Ойын соңында кімде айып салынған ұпайы аз болса, сол бала жеңімпаз аттанады. Мысалы: «ит» сөзі – үреді, жүгіреді, үй күзетеді, т.б. «мысық» сөзі – ойнайды, тышқан аулайды, т.б.

«Бағдаршам» Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін және тілін дамыту. Ертегілер және ертегілер кейіпкерлері туралы түсініктерін кеңейту.

Ойын барысы: Балаларға екі қызыл және жасыл түсті дөңгелек береді. Тәрбиеші ертегі кейіпкерлеріне байланысты сөздер айтады, бала сөздердің дұрыс атауын естісе, жасыл дөңгелекті көтереді. Ал қате болса – қызыл түсті дөңгелекті көтереді. Содан кейін суреттерді көрсетіп, балалармен бірге әр сөзді қатты, жай және анық қайталап айтуы тиіс. Сөздер қай ертегіде кездесетіні туралы әңгімелеу.

«Ертегіні ойнайық». Ойынның мақсаты: Ертегілер туралы білімдерін кеңейте отырып, балалардың фонетикалық есту қабілетін және сөйлеу тілін жетілдіру.

Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға өткен ертегілерін естеріне түсіріп, содан кейін ертегі кейіпкерлерінің дауысын өзгерте отырып, қандай ертегі кейіпкерінің дауысы екенін анықтауын сұрайды. Мысалы «Қызыл телпек» ертегісін естеріне түсіреді. Қызыл телпектің дауысы төмен дауыс, әженің дауысы ортаңғы дауыспен, ал қасқырды жоғары дауыс ырғағына сала отырып, ертегіні айтып береді, содан кейін қандай кейіпкердің дауысы екенін табуын сұрайды.

Дидактикалық ойындардың құралдары ұзақ уақыт сақталу үшін эстетикалық, гигиеналық талаптарға сай, әдемі қораптарда, қалталарда тұрғаны жөн көремін.

Балабақашағы оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән беремін.

Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген аталы сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым-қатынасы, мінез-құлық көріністері олар өсіп-өсейгенде де жалғасы береді. Ойынды басқара жүріп баланың жеке басының барлық жағына: оның санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез-құлқына ықпал жасайды. Ойынды негізінен ақыл ой, адамгершілік, эстетикалық және дене мүшелерінің дұрыс қалыптастыру мақсаттары үшін пайдаланады. Мазмұны ойлай білуге құрылған ойын процесінде балалардың білімі мен түсінігі айқындалып, тереңдей түседі. Ойын үстінде қайсы бір рөлді орындау үшін бала өзінің түсінігін ойын әрекетінде көрсетеді. Кейде адамдардың еңбегі туралы нақты түсініктері дәйексіз болады, мұғалім еңбек туралы ұғымдарын кеңейту үшін мазмұнды, тәрбиелік сипаты мол түрлерін таңдап алған жөн. Балалар бәрін білуге құштар, сұрақ көп қояды. Ұстаздың бала меселін қайтармай сол сұрақтарға толық жауап қайтаруы, ойын кезіндегі әңгімелеріне

құлақ түріп, дұрыс сөйлеуге әдептілікке үйретуі, өзара түсінісулеріне, келісуіне көмектесуі керек.

Демек ойын балалардың алған білімдері түсініктерін баянды етіп қана қоймайды, сонымен бірге өзінше бір белсенді танымдық іс-әрекет формасы болып табылады. Сондықтан оқу-тәрбие процесіне ойынды дұрыс кірістіріп, оның барлық тиімді мүмкіндіктерін пайдаланудың маңызы зор.

Түптеп келгенде, тәрбие құралдарының басқа түрлері сияқты ойынның да білімділік, тәрбиелік мүмкіндіктерін балалардың жас ерекшеліктеріне, сабақ мазмұнына жақсы үйлестіре қолдану мұғалім ізденісіне, шеберлігіне байланысты. Ол үшін мұғалім ойынды пайдалану методикасын да, ойын түрлерін таңдап-талғауға да қойылатын талаптарды жете білуге тиіс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі:

Білім беру саласы: «Денсаулық»

Бөлімі: «Дене шынықтыру»

Тақырыбы/Тема/: Гигиена-біздің көмекшіміз. Неліктен қолды жуып, ауызды шайып, тісті тазалау керек?

Мақсаты: «гигиена» ұғымымен таныстыру. Баланың жеке басының тазалығын сақтаудың жолдарын айту.

Білімділік /Обучающая: Тазалық туралы білімдерін кеңейту.

Дамытушылық /Развивающая: Мәдени-гигиеналық дағдыларын пысықтау және жетілдіру.

Тәрбиелік / Воспитательная: Өз денсаулығына құндылық ретінде қарауға, өзге адамдарды құрметтей белуге тәрбиелеу.

Қостілділік компоненті/ Билингвальный компонент/: Гигиена-гигиена, тістер-зубы, сабын-мыло, сүлгі-полотенце, тіс щеткасы-зубная щетка.

Балалардың шеңберде тұрып, өзара сәлемдесуін ұйымдастырады.

Дос бол сабын, сумен сен,

Жиі-жиі жуын сен,

Таңертен де кешке де,

Жуын күндіз-кешке де,

Жуын күндіз-түсте де,

Жуын тамақ алдында,

Жуын тамақ соңында,

Жуын ұйықтар кезінде,

Жуын тұрған мезгілде.

1. Салауатты өмір салтын сақтау үшін біз не істеуіміз керек?

Денсаулықтың достары туралы айтып беріңдерші

1.Спорт–Шынығу/

2. Таза ауа/ Свежий воздух.

3 Дұрыс тамақтану Питание.

4. Тазалық/Гигиена.
5. Демалу/Труд и отдых.
6. Күн тәртібі-Режим дня.
7. Көңіл күй/Хорошее настроение

«Сурет бойынша жұмыс»

- Здоровье человека - самая главная ценность.
 - 2. Жалқаубек жағын ұстап, қолында қапшығы бар кір қожалақ болып келеді.
 - Жалқаубек саған не болды?
 - Тісім ауырып тұр.
 - Ол неге ауырады?
 - Білмеймін.
 - Тісіңді уақытында тазалайсың ба?
 - Жоқ.
 - Балалар сендер қалай ойлайсыңдар Жалқаубектің тісі неге ауырады?
 - Тісті уақытында тазаламағандықтан, тамақтан соң ауызды шаймағандықтан, тәттіні көп жегендіктен, тіс дәрігеріне уақытында қаралмағандықтан
- Тісті күту: Ішсен де айран, жалғыз шай, Тамақтан соң ауыз шай
Балалар
- Жалқаубекке тісті қалай дұрыс күту керектігін түсіндірейік

Дидактикалық ойын: «Тіске пайдалы, зиянды заттар»

Сурет бойынша

- а) Тісті екі рет жуу керек. Таңертен де кешке де.
 - ә) Тіс дәрігеріне жылына екі рет қаралу керек.
 - б) Тәттіні көп жемеу керек.
 - в) Қатты заттарды тіспен шақпау керек.
 - г) Әр адамның жеке щеткасы болу керек.
- Тәрбиеші балаларға бір-біріне тістерін көрсетіп, өз тістерін қалай күтетіні туралы айтып берулерін ұсынады.
- Тіс біздің сөйлеуімізге көмектеседі. Тіс – біздің денеміздегі ең қатты зат. Тістің негізгі қызметі-тамақты шайнау. Тіс қабығын эмаль жауып тұрады. Сондықтан тісті тамақтан соң тазалап, жуып тұру керек.
 - Дүниеге келген сәби тіссіз туылады, оларда тіс алты ай болғанда шығады, оны «сүт тіс» деп атайды. Алты жасқа толғанда тістер түсе бастайды. Түскен тістің орнына «негізгі тістер» шығады.
- «Тіс пастасымен» жұмыс**

1 күн бұрын 1 стақан колаға піскен жұмыртқаны салып қойып, енді

оны балалармен бірігіп бір жақ шетін ғана тіс пастасымен ысқылап тазалау. Тіс пастасының көмегі туралы айту.

Міне Жалқаубек түсіндің бе? Енді қапшықтағы заттарды қарап көрейік.

Ол үшін жұмбақ жасырамын

- Ертемен күнде сен

Қолыңа сүйкесең.

Кетіп кір ласың,

Тап таза боласың.

Бұл не? Сабын «иісін искейді қандай тәтті» Сабын туралы айта кету.

-Шомылған баланы

Аймалап алады

Сүртеді қолыңды

Сүртеді жаныңды.

Бұл не? Сүлгі.

Сүлгі «Қандай? жұмсақ»

Педагог балалармен сабын және су жөнінде әңгіме жүргізеді.

Кімде-кім үнемі қолын сабындап жуып жүрсе, ол ауырмайды.

Тазалық туралы әңгіме:

Әр адам жеке басының тазалық тәртібін сақтауға міндетті.

Қарапайым ережелер күнделікті дағдыға айналуы тиіс.

- Қолыңды күніне неше рет жуу керек?

- Тамақ ішер алдында, серуеннен соң немесе қоғамдық көліктен түскеннен кейін, лас жұмысты орындаған соң қолды міндетті түрде жуу қажет.

- Су мен сабын – нағыз досың.

Сен қолыңды сабындағанда на пайда болады?

- Қолымызда сабын көпіршігі пайда болды.

Әр көпіршік қолымыздағы кірді кетіреді, ал су оларды жуады.

Тақтаға суреттерді ілу. «Қол жуу ережесі»

Практикалық әрекет.

- Қолды қалай тазалап жуу керек?

Қолымыздағы сабынды алып, оны сулап сабындаймыз. Сабынды орнына қойып, қолды уқалаймыз, сол кезде «сабын қолғабы» пайда болады. Таза сумен көпіршікті жуып кетіріп, қолымызды сүлгімен жақсылап сүртеміз.

- Сүлгіні қалай қолдану ережесін айта кету.

- Әр адамда жеке басының тазалығына арналған заттары болуы шарт: сүлгі, тіс щеткасы (қорапшасымен) паста, сабын, шампунь, тарақ, қолорамалы, т.б. Қапшықтағы заттарды алып көрсету.

Жалқаубек қалтасынан алма алып шығып, оны жерге түсіріп алып

жей бастайды.

Токта! Жалқаубек.

- Балалар ол дұрыс жасады ма?

- Егер жеміс-жидектерді жумай жесе адамның ішіне микробтар кетеді. "Микроб" грек тілінде "микрос"- кішкентай, "биос"- өмір деген мағына береді. Микробтардың пайдалысы және зияндысы болады. Олар барлық жерде: ауада, суда, тіпті адам денесінде де кездеседі. Бірақ оны жай көзбен көру мүмкін емес. Ол үшін арнайы микроскоп құралы қажет.

Аурулардан сақтану үшін жеке бас гигиенасын сақтап, көкөністер мен жемістерді жақсылап жуып пайдалану керек. Тазартылған су ішу керек.

Салауатты өмір салтын сақтау үшін біз не істеуіміз керек

«Сурет бойынша жұмыс»

Тазалық – денсаулық кепілі

- Тазалық болмаса, денсаулық дұрыс болмайтынын сендер білесіңдер.

Тазалықты сақтау үшін сумен дос болу керек.

Сылдырлайды мөлдір су

Мөлдір суға бетіңді жу

Жусан егер ардайым

Таза бетін маңдайын

Тазалықтың досы су дегенім осы.

Мақал-мәтел

а) Сусыз өмір жоқ


б) Судың да сұрауы бар

- Жалқаубек тістерін ауырмау үшін енді не істеу керек екеніндігін түсіндің бе?

- Түсіндім. Енді әрқашан тісімді күнніне екі рет жуамын.

Әрине балалар тек ойын арқылы соның ішінде дидактикалық ойындар арқылы баланы қоршаған ортаға бейімделуі, мәдени-гигиеналық машықтарды яғынның өмірге деген дайындықты ойын арқылы ойнап, танып біліп шығады.

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақта басшысы
 А.Ш.Есбол
«28»  2019ж



№2

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П.
Сулейменова К.А

Шымкент қаласы 2019-2020ж

№2 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Өткізу күні: 5 Қыркүйек 2019ж

Өткізу уақыты: сағат 5-00де

Бала саны: 37

Қатысқандар: 18

Ата-аналар жиналысының тақырыбы: «Дидактикалық ойын арқылы баланың мәдени-гигиеналық машықтарын арттыру» (баяндама)

Мақсаты: «гигиена-біздің көмекшіміз» баланың жеке басының тазалығын сақтаудың жолдарын айту. Өз денсаулығын құндылық ретінде қарауға, өзге адамдарды құрметтей білуге тәрбиелеу.

Өткізу форматы: *Оффлайн*

Қатысушылар: Ата-аналар, *(балалардың заңды өкілдері)*

Күн тәртібінде:

- 1 «Дидактикалық ойын арқылы баланың мәдени-гигиеналық машықтарын арттыру» (Баяндама)
2. – «Күн тәртібінің бала өміріндегі орны» (Кеңес)
3. – «Дені сау бала-бай бала!» (жылжымалы папка)

Тыңдалды:

1.«Күн тәртібінде бала өміріндегі орны» атты баяндаманы Мусабеекова Назира Полатбекқызы оқып шықты

Баяндама тіркелді

Жарыссөз:

Ата-ана: Садыкова Динара Танирбергеновна сөз алды, -Балалар күнделікті таза ауада қаншалықты болады,? - деп сұрақ қойды.

Тәрбиеші: сулейменова Камшат :- Бала таза ауада мүмкіндігінше ұзағырақ: жазда күні бойы, көктемде, күз бен қыста бырнеше сағат бойы болу керек. Ауа райы қолайсыз болған күндері серуенде ұзақ болмаса да жиірек шыққан жөн. Таңертеңгі, түскі, бесіндік және кешкі тамақтану мерзімдерін бұзбай сақтау жөн,-деп жауап берді

2. Тәрбиеші: Сулейменова Камшат «Дидактикалық ойын арқылы баланың мәдени-гигиеналық машықтарын арттыру» атты тақырыпта баяндама оқып шықты.

3. Ата-аналарға «Дені сау бала-бай бала» атты тақырыпта жылжымалы папкалар көрсетіп, кеңестер айтылды.

№3 Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Баяндаманы Сулейменова Камшат оқып шықты. Ата-аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.

2. Сулейменова Камшат «Күн тәртібінде бала қмірінің орны туралы ата-анаарға кеңес беріп өтті. Ата-аналар жақсы деген баға берді.

1. «Дені сау бала-бай бала»-деген пакаларды көріп, өз пікірлерін айтып, ұсыныстарын айтты.

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша басшысы
А.Ш.Есбол
«29» сентябрь 2019ж



№3

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П.
Сулейменова К.А

Шымкент қаласы 2019-2020ж

№3 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Өткізу күні: 7 Мамыр 2020ж

Өткізу уақыты: сағат 5-00де

Бала саны: 37

Қатысқандар: 18

Өткізу форматы: *Оффлайн*

Қатысушылар: Ата-аналар, *(балалардың заңды өкілдері)*

Күн тәртібінде:

1. Оқу жылының қорытындысы
- 2.«Жаз мезгілінде баланың денсаулығын нығайту жолдары» (кеңес)
3. «Жаз мезгілінде бала қауіпсіздігі» (жылжымалы папка)

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі сулейменова Камшат «2019-2020ж Оқу жылының қорытындысын» баяндама оқыды. Жарыс сөзге шыққан ата-аналар Абдукаримова Маржан баяндама мазмұнын дұрыс айтылғанын айтты.

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиеші Мусабеева Назира,- Жаз мезгілінде баланың денсаулығын нығайту жолдары мен тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Үшінші мәселе бойынша бақша медбикесі Зейнетова Зайтуна Смагуловна: «Жаз мезгіліндегі бала қауіпсіздігі туралы кеңестер беріп, жымалы папкалар көрсетті.

№3 Ата-аналар жиналысының шешімі:

- 1.Баяндаманы Мусабеева назтра Полатбекқызын. Ата-аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.
- 2.Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған таларты өз деңгейінде орындалсын.
- 3.Ата-аналар жалпы жаз мезгіліндегі балалар қауіпсіздігі туралы мәлімет алды.

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша басшысы
А.Ш.Есбол
«29» сентябрь 2019ж



«2019-2020оқу жылының қорытынды есебі»

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П.
Сулейменова К.А

Шымкент қаласы 2019-2020ж

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобының 2019-2020 оқу жылында жүргізілген оқу- тәрбие жұмыстарының жылдық есебі.№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобында 28 бала,оның 15 ұл бала, 13 қыз тәрбиеленуде.

« Күнбағыс» ортаңғы тобында оқыту мен тәрбиелеу іс-әрекеттері, оқу стандартындағы бес сала:

- 1.«Денсаулық.
2. «Коммуникация»
3. «Таным»
4. «Шығармашылық»
5. «Әлеуметтік орта» білім салалары бойынша жұмыс жүргізілді.

Бес сала бойынша жоспар жасаланып жаңа оқу жылына мына міндеттерді алды.

1. Баланың өмірін сақтау ж/е денсаулығын нығайту толыққанды дене бітімін дамыту,ҚР-сы халықтарының ұлттық дәстүрі негізінде салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру.

2. Баланың өз отаны мен туған өлкесіне деген сүйіспеншілігіне, мемлекеттік рәміздерге құрметпен,қоршаған ортаға,отбассы,түрлі ұлт өкілдеріне адамгершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Осы міндеттерді алға қоя отырып:

1ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандартты.

2. Мектепке дейінгі оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша айлық жоспар,циклограмма, техникалық карта жоспарланып отырды.

Балаларды өз туған жерін,елін сүйуге,Қ.Р-сы мемлекеттік рәміздерін, саот-дәстүрге құрметен қарауға,патриоттық сезімдерін арттыру мқсатында көптеген іс-шаралар өткізілді.

3. Балаларды қоршаған дүние,өзі ж/е әлеуметтік ортасы туралы алғашқы түсініктің тұтас бейнесін қалыптастыру.(«Таным», «Коммуникация» білім салалары арқылы жүзеге асыралады).

Әр мерекеге байланысты ертеңгіліктер:

«Көңілді күз»,

Қ.Р Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнап

«Елімнің бақытын тербеткен тәуелсіздік»

,«Кел жаңа жыл, Жаңа жыл»

,«Гүл сыйлайық анаға»

,«Қош келдің Наурыз той»,

«1- Мамыр Бірлігіміз жарасқан күн»,

9-Мамыр «Жеңіс күні» атты ертеңгіліктер мұз жетекшінің ұйымдастыруымен өтілді. Онда балалар өз өнерлерін көрсетті.

Біздің топ қазіргі таңда көптеген көрнекіліктермен арнайы балалар ойнайтын орталар , сонымен қатар мантесори орталығы болып көркемделінді.Мантесори орталығында балалардың ой өрісін дамытуға арналған түрлі құрал-жабдықтар бар.

Республикалық балалар арасында ұйымдастырылған «Күз пейзажы» атты көркем сурет байқауына тәрбиеші Мұсабекова Назираның жетекшілігімен балаларымыз Искандыров Санжар, Шынтас Абубакир, Тұрсын Айдана қатысып, үздік танылып мақтау қағаздарымен марапатталды. Балаламен өткізілген іс-әрекеттер:

«Тазалық денсаулық кепілі» атты ұйымдастырылған ашық іс әрекет (тәрбиеші: Мұсабекова Назира)

«Ұлттық ойын – халық мұрасы» атты ұйымдастырылған ашық іс әрекет (тәрбиеші: Қабылбекова Алтынай)

Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында ертенгілік жаттығулар жасалынып таза ауада серуен, күннің екінші жартысында тамақты тұзды сумен шаю, төсекте керіліп созылу жаттығулары үнемі жүргізіліп отырды.

«Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз», бағдарламалары бойынша айлық жоспар, циклограмма, технологиялық карта жоспарланып отырды. Балаларды өз туған жерін, елін сүйуге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Рәміздерін, салт-дәстүрлерге құрметпен қарауға, патриоттық сезімдерін арттыру мақсатында көптеген іс-шаралар өткізілді.

Жыл бойында тәжірбиелер алмасу мақсатында басқа топтардағы тақырыптық ашық іс-әрекеттерге қатысып отырдық.

«Ертегілер елінде» дамыту орталығында түрлі халық ертегілерімен танысып драматизациялау арқылы бала тілін дамыту, шеберлігін арттыру тақырыбы аясында тәрбиеші: Мұсабекова Назира тәжіірбесімен бөлісті.

Алдағы мақсат-міндетеліміздің болашағы бала бойына білім нәрін сусындатып өскелең ұрпаққа тәрбие беруге аянбай еңбек ету.